



АУЫЛ

ЖАҢАЛЫҒЫ Сельская новь



Газет 1940 жылдан шыға бастады

№ 101 (8364) Сенбі 17 қазан 2015 жыл

Байзақ аудандық газеті
Байзақская районная газета

Азаматтарды жеке мәселелерімен қабылдады

БЕЙСЕНБІ, 15 ҚАЗАН КҮНІ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ІСТЕРІ ЖӘНЕ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ АГЕНТТІГІНІҢ ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫНДАҒЫ ТӨРТІПТІК КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕСІ РАХМЕТІЛДӨ РАХМАНБЕРДИЕВ АЗАМАТТАРДЫ ЖЕКЕ МӘСЕЛЕЛЕРМЕН ҚАБЫЛДАУ ЖҮРГІЗДІ.

Қабылдауға алғашқы болып келген сарыкемерлік А. Айтеннова бүгінде жеке кәсібін ашып, үш адамды жұмыспен қамтып отырғанын айта келе, арнаулы орта біліммен мемлекеттік қызметке кіруге болса, қандай лауазымдарға орналасуға болатындығын сұраса, үстіміздегі жылы Х. М. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің заң факультетін тамамдаған Т. Садырбаева мемлекеттік қызметке тұру кезіндегі қойылатын талаптарды білгісі келетіндігін айтты. Сарыкемерлік К. Кусемисова мемлекеттік қызметшілер арасында орын алатын жемқорлықпен күресті жою бағытында қандай жұмыстар атқарылып жатқандығын білгісі келетіндігін сұрады.

Түймекент ауылының тұрғыны Ү. Ораз мамандығы бухгалтер болғанымен, соңғы жылдары баламен үйде отыр



екең. Отбасы үлкен болғандықтан, жеке үй салу үшін мемлекеттік қызметке кіру кезінде тегін тұрғын үймен, жер учаскесімен қамтамасыз етіледі ме деп сұрады. Ал еңбек ардагері Н. Қашқынбаев: "Үстіміздегі жылы қыс қатты болады дейді. Олай болса, коммуналдық жеңілдіктер, яғни көгілдір отын, электр қуаты және телефонға "Алтын алқа"

және "Күміс алқа" иегерлеріне жеңілдіктер қарастырылса" деген өтінішін жеткізді. Қабылдауға келгендердің өтініштерін мұқият тыңдаған Рахметілде Сегізбайұлы алдымен оқу орындарын бітірген жас мамандар мемлекеттік қызметке орналасу үшін мемлекеттік қызметке кіру кезіндегі қойылатын талаптарға, сонымен қатар бос өкімшілік

мемлекеттік лауазымдарға орналасу конкурстық негізде жүзеге асатындығын, "Б" корпусының мемлекеттік өкімшілік лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптары, тестілеуден өткен кезде берілетін сертификаттың 1 жылға дейін жарамдығы, мемлекеттік қызметте 1 жыл жұмыс тәжірибесі болса, онда кез келген бос тұрған бас маман лауазымына орналасу құқығы туралы егжей-тегжейлі айтып өтті.

Мемлекеттік қызметшілер арасында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бағытында атқарылып жатқан жұмыстарды сөз еткен Рахметілде Сегізбайұлы бас мамандар мемлекеттік қызметке кіру үш сатыдан тұратындығын, яғни тест, конкурс және өңгімелесу арқылы сұрыпталып қабылданатындығын, бұл жерде "жең ұшымен жалғасу" секілді қоғамға кереғар әрекеттің болмайтындығын, жер телімі жөнінде Байзақ ауданы мен оған қарасты елді мекендердің бас жоспарына орай инфрақұрылымдар жүргізіліп барып, тұрғын үйлер салынатындығын, ал коммуналдық жеңілдіктер "Алтын алқа" және "Күміс алқа" иегерлеріне қарастырылмағандығын өңгімеледі. Жалпы қабылдауға келгендер өздерін толғандырған сауалдарға тиянақты жауаптар алды.

Өз тілшіміз.

МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАНЫҢ ШАПАҒАТЫ

КӘСІПКЕРЛІК КӨКЖИЕГІ КЕҢЕЙЕ ТҮСТІ



Жамбыл облысы кәсіпкерлер палатасының Байзақ аудандық филиалы аудандағы кәсіпкерлерлік көкжиегінің дамуына кең көлемді қолдау көрсетіп келеді. Бүгінде табыстың тайқазанын қайнатқысы келген талай жан осы мекеменің табалдырығын аттауда. Ал, кәсіпкерлер палатасына қайырылған жанның меселі қайтып, тауаны шағылған кезі болған емес. Бұл жандардың қатарында ауданымыздағы «Нұр» және «Қанай» шаруа қожалықтарының басшылары да бар.

«Нұр» шаруа қожалығының басшысы Нұрғали Әміров осыдан 4 жыл бұрын 10 гектар жерге алма бағын отырғызған болатын. Алайда,



суармалы судың тапшылығынан алма бақ жайқалып өсе қоймады. Ал, су сорғысын орнату үшін электр желісін тарту қажет. Жалпы электр қуатының жоқтығы шаруашылықтағы талай тірлікке қолбайлау болып келді. Осы тұста кәсіпкерлер палатасының атсалысуымен шаруа қожалығына «Бизнестің жол картасы -2020» бағдарламасы аясында 2,2 шақырымға электр желісі тартылды. Ендігі жерде алма баққа су сорғылары арқылы су жеткізіліп,

шаруаның шешім табуы қиындап кетіп еді. Осы тұста аудандық Кәсіпкерлер палатасының араласуымен бұл мәселе оңтайлы шешімін тапты. Сондықтан да ауданымыздағы Кәсіпкерлер палатасының директоры Д.Нұралиевке, аудан әкімдігі кәсіпкерлік бөлімінің басшысы Д.Наурызбаевқа айтар алғысым шексіз», -дейді.

Іргетасы 1993 жылы қаланған «Қанай» шаруа қожалығындағы жағдай да осыған ұқсас. Негізінен мал

шаруашылығымен айналысатын қожалықта да бүгінге дейін электр қуатының жоқтығынан бар жұмыс қолмен атқарылып келген. Әлжан Қожахметов басқаратын шаруа қожалықта 120 бас асыл тұқымды

мүйізді ірі қара малы мен 600 бас қой және жылқы бар. «Қанай» шаруа қожалығы да «Бизнестің жол картасы -2020» бағдарламасы аясында 4,8 шақырымға электр желісін тартуға қол жеткізді. «Бұл оңай жұмыс болған жоқ. Құжат әзірлеу, оны өткізу, тиісті жауабын алу бір кәсіпкер үшін үлкен ауыртпашылық. Кәсіпкерлер палатасының қолдау-көмегісіз бұл жұмыстарды өңсеру мүмкін емес те еді. Нәтижесінде міне, шаруа қожалығымызға электр қуаты келіп, жұмысымыз жеңілдей түсті. Бұған

дейін күніне он-он бес қана сиыр мен бие сауып отырсақ, ендігі жерде арнайы құрылғылардың арқасында күніне сауылатын сиыр мен биенің санын бірнеше есеге ұлғайта аламыз. Электр қуатының



келуімен басқа да кәсіп түрлерін қолға алып, кәсібіміздің ауқымын кеңейтсек деген ниетіміз бар», - дейді шаруа қожалық жетекшісі Әлжан Қожахметов.

Өз тілшіміз.

Басылым-2015

Құрметті оқырмандар!



«Ауыл жаңалығы»-ауданымыздың саяси-экономикалық, әлеуметтік-мәдени өміріндегі жаңалықтарды, ана тілімізді, мәдениетіміз, ұлттық сапт-дәстүрімізді, өнерімізді кеңінен насихаттайтын, туған жердің мәртебесін биіктеткен ел азаматтарының өнегелі істерін ұлықтайтын, тәуелсіз еліміздің, ауыл-аймағымыздың қол жеткен табыстары мен алған асуларынан кеңінен мағлұмат беретін басылым. Басылымға 2016 жылдың бірінші жартыжылдығына жазылу басталды.

Газетке жазылу бағасы:

Жеке (тұлғалар) жазылушылар үшін: Бір жылға - 1939 теңге 08 тиын;
алты айға - 969 теңге 54 тиын.

Мекеме, ұйымдар (заңды тұлғалар) үшін: Бір жылға - 2939 теңге 16 тиын;
алты айға - 1469 теңге 58 тиын.

Газеттің индексі: 65000.

«МӘНГІЛІК ЕЛ» - НАЦИЯ ЕДИНОГО БУДУЩЕГО

ПУТЕВОДНАЯ ЗВЕЗДА

Азамат Жумадилов, Халық Қаарманы, никогда не думал о том, чтобы называться героем. В ту ночь, когда пришла опасность, он просто исполнял свой гражданский долг и считает, что на его месте так поступил бы каждый. Ведь идти на риск в решающий момент, не раздумывая, - долг каждого гражданина, любящего свою Родину.

Увидев репортаж об этой истории по телевизору, когда Азамат вынес из огня троих детей и их мать, Глава государства Нурсултан Назарбаев решил присвоить герою звание «Халық Қаарманы».

- Из этого я заключил следующее: всякое благое дело, совершённое в Казахстане, не остаётся без внимания Президента страны, - говорит Азамат. - Пока есть страна и Глава государства, заботящиеся о сынах своих, будут и сыны, достойные любви



народа. Патриотизм складывается из конкретных дел во имя народа. Это — главное отличие «Мәңгілік Ел». Я обращаюсь к молодёжи нашей страны: давайте любить и чтить священную Родину, оказывайте помощь близким. Пусть всегда на нашей земле будет мир и согласие.

Беречь казахский язык призывает и акын Маралтай Ыбыраев. Глава государства как-то сказал, что казахский язык станет вечным языком «Мәңгілік Ел». И нет для поэта большего счастья, чем развивать свой родной язык и воспевать нерушимые ценности «Мәңгілік Ел».

«Мәңгілік Ел» - моего мечтания пик./ «Мәңгілік Ел» - счастья, радости родник./ «Мәңгілік Ел» - история кочевников дастан./ «Мәңгілік Ел» - путеводною звездой к ней «Нұрлы жол» нам дан» - такие строки с трибуны форума произнёс акын Маралтай Ыбыраев.



Режиссёр Ахат Ибраев обучился киноискусству в США. Вдалеке от Родины ему открылась формула патриотизма. Это постоянный творческий поиск нового и для себя, и для страны.

- Я со своей командой взялся развивать у нас жанр фэнтези. Это новый, мощный тренд в мировом кинематографе. Это креатив, это умение встать над обыденной повседневностью и заглянуть за горизонт времени и пространства, - говорит он. - Идея «Мәңгілік Ел» - это тоже взгляд за горизонт! Это мудрый и реалистичный взгляд Лидера нацию единого будущего!

В профессиональном понимании режиссёра Ибраева, «Мәңгілік Ел» - это потрясающая платформа, неисчерпаемый кейс, отличный сценарий для создания фильмов и сюжетов, навечно связывающий воедино прошлое, настоящее и будущее Страны Великой степи. Это и есть «Мәңгілік Ел»!



ЗА «КРУГЛЫМ СТОЛОМ»

О НЕДОСТАТКАХ В СФЕРЕ УСЛУГ

Недавно в районном управлении по защите прав потребителей прошёл «круглый стол». Заседание прошло с участием и.о. начальника районного управления по защите прав потребителей М.Кожабергенова, начальника отдела предпринимательства и промышленности акимата района Д.Наурызбаева, и.о. директора Байзакского филиала

пассажиры считают качество этих услуг довольно низким.

Вначале перед собравшимися выступил начальник отдела районного управления по защите прав потребителей А.Мусаев. Он провёл анализ деятельности по надзору за пассажирскими перевозками, предоставил результаты опроса пассажиров транспорта по вопросам оказания услуг. Говорил о том, что

уборка и грязные чехлы, грубость со стороны водителей и контролёров.

В ходе проведения «круглого стола» предметом обсуждения были такие вопросы как: культура поведения кондукторов, нарушение расписаний движения общественного транспорта, санитарное состояние салона, медицинский осмотр работников автопарков и другие.

Также речь шла о том, какими



Палаты предпринимателей Жамбылской области М.Садыкова, представителей жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог акимата района и представителей автопарков, обслуживающих наш район.

Основной задачей проведения данного «круглого стола» являлось обсуждение ситуации по качеству услуг, предоставляемых предприятиями-перевозчиками, вопросы защиты прав потребителей в сфере пассажирских перевозок, оказываемые автомобильным транспортом, так как многие

законодательством определена общая ответственность перевозчика за оказываемые пассажирам услуги.

В ходе «круглого стола» также выступили: начальник отдела предпринимательства и промышленности акимата района Д.Наурызбаев, специалист жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог акимата района Е.Нахимов, которые подняли проблемные вопросы перевозчиков, говорили о таких проблемах, как переполненность общественного транспорта, неудовлетворительное состояние автобусов, некачественная

правами обладает потребитель в случае нарушения правил перевозок, что при обнаружении недостатков в оказанной услуге потребитель вправе по своему выбору потребовать безвозмездное устранение недостатков.

Участники данного мероприятия признали, что необходима координация деятельности государственных органов, владельцев автопарков по регулированию вопросов защиты прав потребителей и организации совместных мероприятий, направленных на улучшение качества оказания услуг в сфере пассажирских перевозок.

Наш корр.

ЗЕМЛЯ ВЕРНУЛАСЬ ЗАКОННОМУ ВЛАДЕЛЬЦУ

КОНСУЛЬТАНТ РАЙОННОГО ЦЕНТРА ПОДДЕРЖКИ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ ПОМОГ ЧАСТНОМУ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЮ ИЗ СЕЛЬСКОЙ ГЛУБИНЫ ВЫИГРАТЬ СУДЕБНОЕ ДЕЛО И ВЕРНУТЬ ПРИНАДЛЕЖАВШИЙ ЕМУ ЗЕМЕЛЬНЫЙ УЧАСТОК ПЛОЩАДЬЮ БОЛЕЕ 759 ГЕКТАРОВ.

В Центр поддержки предпринимателей при филиале Байзакской районной палате предпринимателей Жамбылской области обратился глава КХ «Достык-99» Букенбай Битабаров с заявлением на неправомерные действия сотрудников земельного комитета. Более десяти лет бизнесмен не мог отстоять право собственности на земельный участок площадью 759 га, выделенный ему в 2000 году решением акимата

Байзакского района. Год спустя, постановлениями акимата района без законных оснований у КХ «Достык-99» данный земельный участок был изъят. Затем, пока предприниматель в судебном порядке решал проблему, из общей площади, незаконно изъятых у него земель два участка были переданы третьим лицам, которые уже успели зарегистрировать право собственности в установленном законом порядке. После обращения в филиал ПП Жамбылской области, консультант Центра поддержки предпринимателей Миржан Садыков подключился к решению спорного правового вопроса и помог предпринимателю вернуть земельный участок.

«Данным гражданским делом о возврате земельного участка и отмене регистрации других крестьянских хозяйств по доверенности занимался наш

консультант, - рассказывает директор филиала Байзакского района палаты предпринимателей Жамбылской области Динмухамед Нуралиев. - Судебное разбирательство длилось около полугода. За это время Миржан Садыков принял участие в 20 судебных заседаниях».

В результате данное исковое заявление было удовлетворено судом первой инстанции. Однако на решение суда первой инстанции прокуратурой Жамбылской области внесен апелляционный протест. Судом апелляционной инстанции решение суда первой инстанции оставлено без изменений, и данное решение вступило в законную силу.

То есть на основании решения суда главе крестьянского хозяйства «Достык-99» Букенбаю Битабарову наконец был выдан государственный акт на землю».

Наш корр.

ҚҰҚЫҚ

9 айдың қорытындысы
САРАЛАНДЫ

Жақында Байзақ аудандық сотының төрағасы Дәулет Тасыбаев жергілікті баспасөз өкілдерімен баспасөз-конференциясын өткізді.

Баспасөз мәслихатында Дәулет Еркебекұлы 2015 жылдың 9 айында атқарылған жұмыстарға кеңінен тоқталды.

Ағымдағы жылдың 9 айында 1381 азаматтық іс, 62 тұлғаға қатысты 57 қылмыстық іс, 523 тұлғаға қатысты 523 әкімшілік іс қаралған. «Сот кабинеті» электронды сервис арқылы 48 әкімшілік іс және 1015 азаматтық іс тіркелген. Сонымен қатар қылмыстық істер бойынша 49 тұлғаға қатысты 46 үкім, азаматтық істер бойынша 819 шешім, әкімшілік істер бойынша 482 тұлғаға қатысты 482 қаулы шығарылған.

Азаматтық істер, көбінесе, келісім-шарт міндеттемелері, жер даулары мәселелері, ал әкімшілік істерден - көлік құралдарын басқару құқығынан айыру бойынша қаралғандығын тілге тиек еткен Д. Тасыбаев тілшілер сауалына жауап бере отырып, Елбасының еліміздегі сот жүйесіне қатысты қойылған максаттарымен тапсырмаларымен бөлісті.



Өз тілшіміз.

ОТАН отбасынан басталады

Ж.Зурбекова,
Байзақ аудандық сотының бас маманы, сот отырысының хатшысы.

“Отан - отбасынан басталады” демекші, әр отбасының береке - бірлігі, әр сәбидің болашағы оның өмірге деген көзқарасы отбасында ата-анасынан алған тәрбиесімен қалыптасады. Әрбір сәбидің балалық шағы ата - ананың мейірімі мен махаббатына бөленіп өтуіне не жетсін. Алайда, қазіргі қоғамда жастардың отбасын құру мәселесіне келгенде салғырттық танытып, немқұрайлылықпен қарауы қоғамда толық емес отбасылардың көбейіп, түрлі себептермен шаңырақтардың шайқалып, отбасылардың бұзылуына әкеліп соғуда.

Мәселен, бір ғана Байзақ ауданы бойынша 2015 жылдың тоғыз айының ішінде сотқа 131 неке бұзу туралы талап арыз түскен. Бұл мәлімет қазіргі таңда неке бұзудың белең алуын көрсетіп отыр. Мұндай жағдайлар сол отбасыда тәрбиеленіп отырған сәбилердің болашағына да әсер ететіндігі шындық.

Отбасын құру-әрбір адамның өміріндегі жауапкершілік пен міндеттерге толы үлкен қадамдардың бірі. Сондықтан отбасын құрарда кез-келген адам өзіне жүктелген жауапкершілікті сезініп, келешегін ойлап, өзінің қандай ата-ана болатынын, болашақ ұрпақтарына қандай тәлім - тәрбие беретінін, өзінің қандай іс - әрекетімен үлгі өнеге болатынын таразыға сала отырып, қадам басуы тиіс деп ойлаймыз.

ТЕРГЕУ СУДЬЯСЫ: ОНЫҢ МАҢЫЗЫ

А.Назарқұлов,
Байзақ аудандық сотының судьясы.

Қазақстан Республикасының жаңа Қылмыстық-процестік кодекске енгізілген негізгі өзгешеліктер ретінде онда сот қадағалауын жүзеге асыратын тергеу судьясының лауазымы қарастырылғанын атап өтуге болады. Кодекстің 54-бабының 3 бөлігінде сәйкес оның процестік-құқықтық статусы былайша көрсетілген. Тергеу судьясы — бірінші сатыдағы соттың судьясы, оның өкілеттілігіне қылмыстық сот ісін жүргіздеу адамдар құқықтарының, бостандықтары мен заңды мүдделерінің сақталуына сот бақылауын осы Кодексте көзделген тәртіппен жүзеге асыру жатады.

Тергеу судьясының өкілеттілігіне сотқа дейінгі іс жүргізу барысында мынандай мәселелерді қарау жатады:

- 1) күзетпен ұстауды санкциялау;
- 2) ұйқамақты санкциялау;
- 3) лауазымынан уақытша шеттетуді санкциялау;
- 4) жақындауға тыйым салуды санкциялау;
- 5) экстрадициялық қамақты санкциялау;
- 6) күзетпен ұстау, ұйқамақ, экстрадициялық қамақ мерзімдерін ұзарту;
- 7) кепілді қолдану;
- 8) мүлікке тыйым салуды санкциялау;
- 9) күзетпен ұсталмайтын адамды сот-психиатриялық және (немесе) сот-медициналық сараптама жүргізу үшін медициналық ұйымға мәжбүрлеп орналастыру;
- 10) бұрын өзіне қатысты күзетпен ұстау қолданылған адамның психикалық ауру фактісі анықталған кезде, оны ауруларды қатаң оқшаулау жағдайында ұстауға лайықталған, психиатриялық көмек көрсететін арнаулы медициналық ұйымға ауыстыру;
- 11) мәйітті есгумациялау;
- 12) күдіктіге, айыптаушыға халықаралық іздеу жариялау мәселелерін қарайды.

Сонымен қатар тергеу судьясы Кодексте көзделген жағдайларда:

- 1) анықтаушының, анықтау органының, тергеушінің және прокурордың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және шешімдеріне жасалған шағымдарды қарайды;
- 2) тез бұзылатын немесе қылмыстық істі мәні бойынша шешкенге дейін ұзақ сақталуы едәулі материалдық шығындарды қажет ететін заттай дәлелдемелерді өткізу туралы мәселені қарайды;
- 3) сотқа дейінгі іс жүргізу барысында жәбірленуші мен куәнің айғақтарын сақтауға қояды;
- 4) адвокаттар мен прокурорларды қоспағанда, сотқа дейінгі іс жүргіздеу процестік міндеттерді орындамайтын немесе тиісінше орындамайтын тұлғаларға ақшалай өндіріп алуды қолданады;
- 5) прокурордың ұсынуымен қылмыстық іс бойынша процестік шығындарды өндіріп алу туралы мәселені қарайды;
- 6) сұрау салуды орындаудан бастарылған не ол бойынша үш тәулік ішінде шешім қабылданбаған жағдайда, қорғаушы ретінде қатысатын адвокаттың уәжді өтінішаты бойынша, мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қоспағанда,

қылмыстық іс үшін маңызы бар кез келген мәліметтерді, құжаттарды, нәрселерді талап етіп алдыру және қылмыстық іске қосын тігу туралы мәселені қарайды;

7) қорғаушы ретінде қатысатын адвокаттың уәжді өтінішаты бойынша, егер қылмыстық қудалау органы осындай өтінішатты қанағаттандырудан негізсіз бас тартса не ол бойынша үш тәулік ішінде шешім қабылданбаса, сараптама тағайындау туралы мәселені қарайды;

8) қылмыстық процесті жүргізетін органға айғақ беруі үшін келуін қамтамасыз ету қиындық тудыратын, бұрын өздері жауап алған куәні, қорғаушы ретінде қатысатын адвокаттың өтінішаты бойынша, мәжбүрлеп әкелу туралы мәселені қарайды;

9) Кодексте көзделген өзге де өкілеттіліктерді орындайды.

Тергеу судьясы өз өкілеттіліктерін Кодекстің қағидаларына және тиісті баптарында көзделген ерекшеліктерге сәйкес жүзеге асырады. Ол өз қызметіне жатқызылған мәселелерді сот отырысына өткізбей, жеке-дара қарауға құқылы. Ал егер заңды және негізделген шешім шығару үшін маңызы бар мән-жайларды зерттеу қажет болса, тергеу судьясы тиісті тұлғалардың және прокурордың қатысуымен сот отырысын өткізе алады. Сот отырысын өткізу міндеті болған жағдайда, қорғаушы тарап пен прокурорға сот отырысының уақыты мен орны туралы күні бұрын хабарланады. Сот отырысы тергеу судьясының өкімі бойынша бейнебаиланыс режимінде жүргізілуі мүмкін.

Тексеру барысында тергеу судьясы сотқа дейінгі іс жүргізуді жүзеге асыратын органнан қаралып жатқан мәселе бойынша қосымша ақпаратты талап етуге, тиісті сотқа дейінгі іс жүргізудің барлық материалдарымен танысуға және оларды зерттеуге, процеске қатысушыларды сот отырысына шақыруға және олардан қылмыстық іс бойынша қажетті ақпаратты алуға құқылы.

Алайда тергеу судьясы істі мәні бойынша шешу кезінде сотта қараудың нысанасы болуы мүмкін мәселелерді алдын ала шешуге, тергеп-тексеру бағыты және тергеу әрекеттерін жүргізу туралы нұсқаулар беруге, сотқа дейінгі іс жүргізуді жүзеге асыратын адамдардың және қадағалаушы прокурордың, сондай-ақ істі мәні бойынша қарайтын соттың орнына әрекет жасауға және шешім қабылдауға тиіс емес.

Сонымен қатар, күдікті өзіне азаптау және басқа да заңсыз әрекеттер қолданылғаны туралы арызданған немесе онда күш қолданудың іздері болған кезде тергеу судьясы қадағалаушы прокурорға көрсетілген фактілерді дереу тексеруді жүзеге асыруды тапсыруға міндетті.

Қорытындылай келсек, Кодексте тергеу судьясының лауазымын енгізу бұл адамдардың және заңды тұлғалардың қылмыстық іс жүргізу барысында құқықтары мен бостандықтарын, заңмен қорғалатын мүдделерін заңсыз шектеу немесе өзге де бұзу фактілерін болдырмауға кепілдік болады.

Дінің тұрсын, дін аман

«Дін-тәрбие діңгегі»

Осындай тақырыппен сейсенбі күні ауданымыздағы №3 Байзақ колледжінде кездесу өткерілді. Кездесуге Жамбыл облысы әкімдігінің «Дін проблемаларын зерттеу орталығы» КММ бөлімінің басшысы Ерзат Жакинов,



аталмыш бөлімнің инспекторы Самғат Мутанов арнайы шақырылды.

Жиын алдымен №3 Байзақ колледжінің педагог-психологы Н.Муратованың «Деструктивтік діни ағымдардың жастарға кері әсері» атты баяндамасымен ашылды.

Мұнан соң сөзге шыққан Жамбыл облысы әкімдігінің «Дін проблемаларын зерттеу орталығы» КММ бөлімінің басшысы Е. Жакинов дін, оның адам өміріндегі маңызы, қазақ халқының діни ұстанымдары мен салт-дәстүрлері жайында тереңірек түсінік берді. Ерзат Жакинов соңғы кездері ең өзет мәселе саналатын терроризм мен діни экстремизм, оның қоғамға кері әсері жайында айтып беріп, көбінесе жат ағымдарға жастар жиі келіп жататынын, одан сақтанудың жолдары турасында әңгіме етті. Колледж студенттері тарапынан қойылған сұрақтарға жауап берді. Тіпті мұндай олқылықтарға орын бермеу жайы слайдтар арқылы көрсетілді.

Кездесуде соңында «Дін-тәрбие діңгегі» тақырыбындағы бейнероликтер жастар назарына ұсынылды.

Өз тілшіміз.

18 октября – День духовного согласия

“Круглый стол” в Доме дружбы

В нашей республике много праздников, которые связаны с единством народов, живущих в стране. Один из них – это День духовного согласия.

День духовного согласия – это день моратория на конфликты и столкновения, день поиска примирения, день милосердия и помощи ближнему.

В связи с этим в районном Доме дружбы под эгидой отдела внутренней политики акимата района был проведен «круглый стол», посвященный этому знаменательному дню. В нем приняли участие представители этнокультурных объединений района, Общественного объединения «Единство», районного отдела культуры акимата района и религиозных конфессий района.

С вступительным словом выступил начальник отдела внутренней политики акимата района М.Махамбетов: «Политика нашего Президента Н.А.Назарбаева в деле укрепления согласия и мира не только в нашем государстве, но и в мире ярко

выражена в его словах: «Мы живём в многонациональном государстве и в силу этого должны хранить и укреплять духовное единство, дружбу и согласие между нашими нациями и конфессиями. Свой посильный вклад в этот



процесс вносит движение Духовного Согласия». И наша задача - поддерживать и пропагандировать это движение, - сказал он.

Затем с речью выступили руководители этнокультурных объединений района Л.Горр, М.Раджамов, В.Найденова, начальник отдела предпринимательства и промышленности акимата района Д.Наурызбаев, имамы мечетей.

Они сделали небольшой экскурс в историю страны, когда было положено начало этой доброй традиции. В

частности, в октябре 1992 года в тогданшней столице Казахстана Алма-Ате, состоялась Первая сессия Всемирного Конгресса Духовного Согласия. Впервые в истории человечества за одним столом собрались представители всех религий,



духовных общественных организаций, известные учёные и деятели культуры, которых волнуют проблемы духовности. Исторически Казахстан всегда был перекрёстком, местом встречи и диалога различных религий, культур и цивилизаций Востока и Запада.

Сегодня Республика Казахстан - это наглядный пример того, как представители различных конфессий, а также представители более 130 наций и этнических групп живут в мире и согласии.

В завершении встречи

руководитель корейского этнокультурного центра Н.Шин подчеркнула: «То, чего Казахстан достиг за годы независимости в экономическом и политическом плане, во многом было бы невозможно

без межнационального мира и духовного согласия в стране. Важно сохранить эту ситуацию, когда каждый народ и каждый этнос открыт традициям и обычаям других народов, проживающих на территории нашего Казахстана».

Целью настоящего «круглого стола» явилась выработка механизмов совместных действий государственных и общественных институтов по укреплению межконфессионального согласия и предотвращения любых форм религиозного экстремизма. Наш корр.

ЕЛБАСЫНЫҢ 2012 ЖЫЛҒЫ 27 ҚАҢТАРДАҒЫ «ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҢҒЫРТУ-ҚАЗАҚСТАН ДАМУЫНЫҢ БАСТЫ БАҒЫТЫ» АТТЫ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ЖОЛДАУЫНА СӘЙКЕС, ТҮРҒЫНДАРДЫҢ СПОРТ НЫСАНДАРЫНА ҚОЛЖЕТІМДІЛІГІН АРТТЫРУ БОЙЫНША БАЙЗАҚ АУДАНЫ СПОРТ НЫСАНДАРЫ ЖӨНІНДЕГІ АҚПАРАТ

№	Спорт нысанының атауы	Спорт нысанында тұрғындардың тұтылудына мүмкіндік жасаған спорт түрі	Спорт нысанының мекен-жайы (байланыс телефон)	Спорт нысанының қызмет көрсету түрі (тегін, ақылы)	Спорт нысанының меншіктілігі	Спорт нысанының жұмыс істеу кестесі	Спорт нысанының жұмысына жауапты қызметкер (аты-жөні, байланыс телефон)
1	Сарыкемер ауылының орталық стадионы (№2 БЖСМ тегерінде)	Футбол, жеңіл атлетика	Сарыкемер ауылы	Тегін	Мемлекеттік	17 ⁰⁰ -20 ⁰⁰ 18 ⁰⁰ -21 ⁰⁰ 18 ⁰⁰ -21 ⁰⁰	Жамбыл Нұржаубаев 87775075374 87263721051
2	№2 БЖСМ-н бокс залы	Бокс	Қызыл жұлдыз ауылы	Тегін	Мемлекеттік	18 ⁰⁰ -21 ⁰⁰	Қанат Әбдіхалықов 87773191697
3	Г.Мұратбаев аты орта мектебінің кіші футбол алаңы	Футбол	Сарыкемер ауылы	Тегін	Мемлекеттік	18 ⁰⁰ -21 ⁰⁰	Ораз Назарбек 87712437432
4	№2 БЖСМ-н күрес залы	Күрес	Дихан ауылы	Тегін	Мемлекеттік	18 ⁰⁰ -21 ⁰⁰	Бекжігіт Сәдуақас 87775108405
5	Н.Ақшабаев аты орта мектебінің күрес залы	Күрес	Қызыл жұлдыз ауылы	Тегін	Мемлекеттік	18 ⁰⁰ -21 ⁰⁰	Ғалым Мырзалыев 87713329815
6	№1 БЖСМ-н Ж.Үшкөміров атындағы спорт сарайы	Күрес, үстел теннисі	Сарыкемер ауылы	Тегін	Мемлекеттік	20 ⁰⁰ -22 ⁰⁰ 19 ⁰⁰ -21 ⁰⁰	Асқан Айғабеков 87771172851
7	№1 БЖСМ-н кіші спорт залы	Бокс, қол күресі	Сарыкемер ауылы	Тегін	Мемлекеттік	18 ⁰⁰ -21 ⁰⁰ 19 ⁰⁰ -21 ⁰⁰	Асқар Шауқаров 87775076805 87263722115
8	№1 БЖСМ-н бокс залы	Бокс	Көктал ауылы	Тегін	Мемлекеттік	19 ⁰⁰ -21 ⁰⁰	Ағын Абдуллин 87771646878
9	Абай орта мектебінің спорт залы	Армрестлинг, кіші футбол, волейбол	Абай ауылы	Тегін	Мемлекеттік	18 ⁰⁰ -21 ⁰⁰	Лияс Жансақалов 87774945656
10	С.Аббанов орта мектебінің спорт залы	Кіші футбол, волейбол, баскетбол	Байзақ ауылы	Тегін	Мемлекеттік	19 ⁰⁰ -21 ⁰⁰	Берік Оразбеков 87057334511
11	Қазақстанның 40 жылдығы атындағы орта мектебінің спорт залы	Кіші футбол, волейбол, баскетбол	Сарыкемер ауылы	Тегін	Мемлекеттік	19 ⁰⁰ -21 ⁰⁰	Жұмағали Мадинаров 87051172993
12	Г.Мұратбаев мектеп-гимназиясының спорт залы	Кіші футбол, волейбол, баскетбол	Сарыкемер ауылы	Тегін	Мемлекеттік	18 ⁰⁰ -21 ⁰⁰	Ораз Назарбек 87712437432
13	Ленин орта мектебінің спорт залы	Кіші футбол, волейбол	Дихан ауылы	Тегін	Мемлекеттік	18 ⁰⁰ -21 ⁰⁰	Сырымбай Түрбебаев 87013320539
14	Үлгілі орта мектебінің спорт залы	Кіші футбол, волейбол	Үлгілі ауылы	Тегін	Мемлекеттік	18 ⁰⁰ -21 ⁰⁰	Құралбек Серікбаев 87263750942
15	Гапарин орта мектебінің спорт залы	Кіші футбол, волейбол	Сарыкемер ауылы	Тегін	Мемлекеттік	19 ⁰⁰ -21 ⁰⁰	Бақытжан Жолымбетов 87057376581
16	Жамбыл орта мектебінің спорт залы	Кіші футбол, волейбол	Жетібай ауылы	Тегін	Мемлекеттік	18 ⁰⁰ -21 ⁰⁰	Жексен Тілендиев 87263735580
17	Дихан орта мектебінің спорт залы	Кіші футбол, волейбол	Дихан2 ауылы	Тегін	Мемлекеттік	18 ⁰⁰ -21 ⁰⁰	Еркебұлан Құрымбетов 87263751835
18	Суханбаев орта мектебінің спорт залы	Кіші футбол, волейбол	Жақаш ауылы	Тегін	Мемлекеттік	18 ⁰⁰ -21 ⁰⁰	Ақынбек Жантасев 87771036396
